



Ақжайық ауданындағы аудан орталығы Чапаев ауылынан оңтүстікке қарай 150 шақырым жерде.

Базаршолан ауыл іргесі 1932 жылы қаланған.

Базаршолан ауылдық кітапханасы

Базаршолан ауылдық кітапханасы мәдениет үйі ғимаратының 56 кв.м көлеміне орналасқан.



Базаршолан ауылдық кітапханасы 1953 жылы «Оқырман отауы» деп аталып, совхоздың жеке ғимаратында ашылып ауыл тұрғындарына үгіт-насихат жұмыстарын көрсетіп отырды. Ең алғаш кітапханада 2000-дай кітап қоры, 200-дей оқырман болды. Сол кезде оқырмандармен жұмыс істеген кітапханашы **Сәуірбаев Тоқан**

кітапхана қызметін насихаттау мақсатында ауыл мәдениетін көтеруде елеулі істер атқарған. Малшыларға, егіншілерге алыс нүктелерге жылжымалы кітап көрмелерін ұйымдастырып сол кездегі үкімет бағдарламаларын, партия, съезд материалдарын насихаттап



отырды.



1956 жылы кітапханада **Есқалиев Нәсіпқали** қызмет істеген. Нәсіпқали ағай ауыл тұрғындарына Базаршолан ауылының озық шопандарының іс – тәжірибесін насихаттап(суретте) «Қой шаруашылығының озаттарына теңелейік», сонымен қатар жастарға Коммунистік тәрбие беру әрқашан да кітапханалардың ең басты міндеттерінің бірі болып, жастардың жігері мен

тасқындаған шабытын дұрыс арнаға салу, өмірде болып жатқан құбылыстарды жастардың дұрыс түсінуіне, Совет жастарына тән ізгі

қасиеттерді олардың өз бойына дарытуына, жаман қылықтан аулақ болуына көмектесуде насихат жұмысын жүргізу кітапхананың басты міндеті. Үгіт насихат жұмыстарының орталығы болуы үшін еңбекшілерге тәрбие беру әдістерін күннен- күнге көбейтіп, сонымен қатар жарасты тұрмыс мәселелерін де ойдағыдай насихаттау бағытында Нәсіпқали ағай кітапханасында «Партия шақыруына іспен жауап берейік» атты стенд (суретте) жасақтап көпшілік шаралар ұйымдастырған.

1960 жылы ауылдық кітапханада кітапханашы болып **Махамбетова Гүлжамал** апай еңбек еткен. Кітапханада кітап қорын сақтауға және толықтыруға өз үлесін қосты. Кітапхана қорының жалпы есеп кітапшасы жаңа тәртіппен қолданысқа енді. (УДК) Бұл кітап бойынша ең алдымен Марксизм, Ленинизм классиктерінің шығармалары, содан кейін қоғамдық саяси әдебиет, тіл білім, медицина, техника, ауыл-шаруашылық, әдебиеттану жөніндегі кітаптар өңдеу жіктеу таблицасы жаңалығына еңгізілді.



Сонымен қатар Гүлжамал апай жастарға коммунистік тәрбие беруде кітапханада «Ленині жастарға өсиеті» атты стендтер шығарып, шолулар өткізді. Кітапханада тарихи –революциялық дәстүрде тәрбиелеуде «Ерлер және батырлық» атты тақырыпта бірнеше циклды лекциялар оқырмандарға оқылды.

1965 жылы кітапханада **Әдилова Қазымжан** апай қызмет істеді. Кітапханада Қазымжан апай ғылыми-атеистік тәрбиені насихаттауда жастар арасында «Дін туралы шындық» атты кітап көрмесін шығарды және «Мұсылман діні жайлы әңгіме етейік» атты тақырыпта қызықты әңгімелер өткізді. Оқырмандарды еңбекке тәрбиелеу мақсатында еңбектегі ерлік істері туралы, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірістегі озат тәжірибелерді баяндайтын кітаптарды кеңінен насихаттап, ауыл тұрғындар арасында (суретте) газет журнал бетіндегі күнделікті жаңалықтармен таныстырып отырды.



1971 жылы ауыл кітапханасында **Сұлтанғалиев Мұхамбетқали** жұмыс жасаған. Ол өзінің жігерлігімен, еңбекқорлығымен ауыл халқын рухани азықпен сусындатты.

Ауыл тұрғындарын соның ішінде озат малшы шопандардың еңбегін көрнекі насихаттау бағытында жұмыстанды. Бұл кітапхананың қызметкері мәдени ағарту жұмысын тікелей бригадаларда малшы фермаларында өткізіп отырды. Дауыстап газет-журналдардан мақалалар оқып беріп отырды. Мұхамбетқали ағай «Жігітке жеті өнер аз» дегендей ауылдың атықты күйшісі атанды. Осы еңбекқорлығының арқасында совхоз

еңбекшілері арасында оркестр құрды. Облыстық, аудандық, көлемдегі көркем өнерпаздар байқауларында жүлделі орындарға ие болды. Кітапхана саласында көп жылғы еңбегі бағаланып аудан көлемінде іс-тәжірибесі таратылды. Өртүрлі мақтау қағаздарына ұсынылып «Үздік кітапханашы» атағын жеңіп алған.

1979 жылдары барлық кітапханалар «орталықтандырылған» кітапхана жүйесіне көшірілді. Кітапхана жұмысындағы өзгерістерді, кітап қорымен жұмысты, анықтама ақпараттық жұмысты, каталог пен картатекамен жұмысты жүргізіп отырды. Шопандар арасында көшпелі кітапхана жұмыс жасады.

1987 жылдың қыркүйек айында Базаршолан ауыл кітапханасына кітапханашы болып **Даулетиярова Ғалия** орналасты.

Ауыл- мәдениетін көтеруде село интеллигенциясы шешуші роль атқарады. Олардың ішінде әсіресе мәдениет жаршылары – клуб, автоклуб, кітапхана халыққа қызмет көрсетуде. Ауыл тұрғындарына, жасөспірімдерге, мамандарға түрлі тақырыпта көпшілік шаралар ұйымдастырып, кітапты насихаттауда кітапханада «Марксизм-ленинизм және қазіргі күн» атты кітап



көрмелері Совет Одағы Коммунистік партиясының халық мүддесі жолындағы қызметіндегі марксизм-ленинизм ілімінің жанды көріністерін жан-жақты терең ашып көрсетуге арналды. (суретте)

Оқырмандар арасында зерделі кеңестер өткізіп, қызықты сауалнамалар ұйымдастырып отырды.

Кітапханада барлық кітап қорына арналған жүйелік және әріптік каталог пен жұмыс жасайды. Солнысен қатар кітапханада оқырмандарға анықтама-библиографиялық жұмыспен таныстыру бвғытында кітапханалық сабақтар «Каталог дегеніміз не?», «Таныс бол библиография» өткізіліп отырды. 1994 жылдың қыркүйек айында совхоз ғимаратынан кітапхана мәдениет үйіне көшірілді. Жаңа ғимаратта кітап көрмелерін жандандырып, кітап қорын орналастырып, оқырмандарға саяхат, көпшілік шаралар түрлі тақырыпта өткізіп отырды.



1994 жылдың желтоқсанында Базаршолан кітапханасында «Оқырмандармен жұмыс» атты тақырыпта аудандық зерделі кеңес өткізілді. Оқырмандарға, ауыл тұрғындарына еліміздің, қазақ халқының салт-

дәстүстүрін, әдет-ғұрыптарын насихаттау да кітапханада 2000 жылдан бастап «Асыл әжелер» мүдделестер клубы

(суретте) жұмыс істейді. Жасөспірімдерге «Қош кеді Наурыз» әдеби фольклордың кеш ұйымдастырып, ұлттық тағамдар әзірлеп оқырмандарға, жасөспірімдерге сол кездегі әндерді айтып, олеңдер оқылды. 2005 жылдың мамыр айында кітапханаға компьютер берілді. Бүгінгі таңда 11500 кітап қоры 800 оқырман бар.



Баянтөбе ауылдық кітапханасы

Баянтөбе ауылдық кітапханасы ОКЖ-нің баланстық есебіндегі кітапхана ғимаратында орналасқан. Жалпы көлемі-112 кв.м



Баянтөбе ауылында 1974 жылы «Қызыл отау» ашылып ауыл тұрғындарының аудандық кітапхана көмегімен кітап қоры жиналып кітапханада түрлі жұмыстар басталды. Ол кезде «Уральськ водстрой» Орал су құбыры құрылысы тресінің ПМК - 116 мекемесінің ғимаратында

орналасты. Алғашқы кітапханашы болып

А. Каримғалиева жұмыс істеді. Ең бірінші шағын 200- дей кітап қоры 90-100 оқырманы болды. Сол жылдары әр-түрлі республикадан келген жас солдаттар ауылда екі жылдық әскери қызметтерін атқарған. Кітапханада түрлі әдеби кештер, диспуттар, әскери сазды кештер оздырылған. Әскери және отансүйгіштік бағытында әдебиеттер насихатталып, осы тақырыпта «Мен өз Отанымды қорғаймын», «Елім менің мақтанышым» атты ерлік сабақтар, тақырыптық кештер ұйымдастырылды. Кітапханада түрлі кездесулер, кітап көрмелері, ауызша журнал, өлкетану жөнінде түрлі шаралар өткізіп жастармен тығыз жұмыс жүргізді.

Қарғабаева Әсия 1980-1986 –ға дейін кітапхана жұмысын жалғастырды.

Бұл кісі кітап қорын жаңа екіпін өзгерістерге толтырды. 1978 жылы Кітап қоры жаңа ЦБС- қа көшіп, ББКа бойынша кітап қорын әртүрлі ғылым салалары бойынша оқырмандарға каталог пен жұмыстануды үйретті. КПСС Орталық комитетінің 1983 жылғы июнь пленумында «Партия... әр бір

адамның еңбек ету қажеттігін, ортақ игілік үшін ыждағатты жұмыс істеу қажет деген айқын ұғым тәрбиелеуді аса маңызды міндет деп. санайды» деп. атап көрсетілгендей еңбек тәрбиесінде өнегелі өмір үлгісі аса ықпалды. Осы бағытты іске асыруда еңбек ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыру, озаттардың еңбек жолы адамгершілік қасиет суреттелген әдебиеттерді талдауға арналған кітап оқырмандарының конференциялары, түрлі тақырыптық тараулардан тұратын кітап көрмелері жасакталды.

1983 жылы 30 қыркүйек айында Облыстық Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен өткен облыстық білімін жетілдіру үшін зерделі кеңеске қатысты.

1986 жылдан Баянтөбе ауыл кітапханашысы болып бүгінгі таңға дейін **Рахметова Лида** жұмыс жасауда. Сол жылдары кітап қоры жылдан жылға өсе түсті. Оқырман сұранысын орталық кітапхана арқылы алдыртып оқырманға ұсынылды. Кітапханада «Менің сүйікті кітабым»(суретте) кітап көрмесі, ұйымдастырылып, оқырман қызыға оқитын Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», атты кітабына конференция, А.Мекебаевтың «Медет», Б.Соқбақбаевтың «Менің атым Қожа»кітаптарынан түрлі пікір талас кештер өткізілді. Кітапханашы ауыл мектебімен, мамандармен тығыз қарым қатынас жүргізіп түрлі тақырыпта кітапханалық шаралар ұйымдастырып, Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауларын насихаттап отырады.



2004 жылы көптеген жылдар бойы жұмыс жасаған РЭУ аудан тарауына байланысты өз қызметін тоқтатты. 2004 жылы Банкроттық болып жарияланғаннан кейін тіреу мекемесінің дүниесі таратылды .

Есім ауылдық кітапханасы.

*Есім ауылдық кітапханасы
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі
кітапхана ғимаратында орналасқан.
Жалпы көлемі. 102 кв.м*

Аудан орталығы- Чапаев ауданынан Оңтүстікке қарай 158 шақырым жерде орналасқан. Халқының саны -247 адам.

1908 жылдары Есім шағын ауыл ретінде іргесі қаланған.

1962жылы тұңғыш кітапхана «Қызыл үй» деп ашылып,кітапханаға аудан, және жергілікті тұрғындардың көмегімен кітап қоры жинала бастады. Онда кітапханашы болып, **Есеналиева Надежда** қызмет етті. Алыстағы нүктелерге барып, газет-журналдар апарып малшыларға егіншілерге насихат жұмыстарын жүргізіп отырды. Сонымен қатар кітапханада КПСС съезд,

пленум материалдарын жинақтап ауыл тұрғындарына, оқырмандарға түрлі тақырыптарда шаралар ұйымдастырып отырды.

1990 жылдары Есім кітапханасы жабылды.

Қазақстан Республика Президентінің – «2000 жылда Мәдениетті қолдау жылы деп атау туралы» Жарлығына орай аудан халқына мәдени қызмет көрсетуді жақсарту, рухани қажетін өтеу мақсатында: «ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдар» Заңының 46 бабын басшылыққа алып, ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша Ақжайық ауданы әкімі А.Б.Сәтбаевтың 2000 жылдың 13 қыркүйегінде № 174 шешімімен Есім ауылдық кітапханасы ашылды. Қазіргі кезде ауыл кітапханасында **Р.Бисенова** ауыл тұрғындарына кітап насихаттауда, кітапханада Елбасының жылдағы дәстүрлі Жолдауларын насихаттап, «Жас Отан» жастарымен «Жастар ел болашағы» атты тақырыпта пікір алмасу кештері өткізіліп, жасөспірімдер арасында түрлі тақырыпта жұмыстар жүргізіп отыр.

Жаманқұдық ауыл кітапханасы.

*Жаманқұдық ауылдық кітапханасы
мектеп ғимаратының
24кв.м көлеміне орналасқан.*


1939-1940 жылдары ең алғаш рет Шектібай елді мекені болып құрылған. Жаманқұдық Базаршолан елді мекенінің Оңтүстік бетінде 18 шақырым жерде орналасқан.

Жаманқұдық кітапханасы 1960 жылдары «Қызыл отау» болып құрылып. Ең алғаш рет 1960-1971 жылға дейін **Сұлтанғалиев Мұқаметқали** еңбек жолын бастаған. ВЛКСМ Орталық Комитеті мен СССР Мәдениет Министірлігінің шешімі бойынша 1964 жылы 28 июннен 1965 жылдың 15 январына дейінгі күндерінде «Совет әдебиетінің жас кейіпкері» атты Бүкілодақтық жас оқырмандар конференциясы өткізілді. Осыған орай кітапханада Мұқамбетқали ағай комсомол ұйымдарының, жас жұмысшылардың қатысуымен С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабынан оқырман конференциясын өткізді. Осымен қатар эстетикалық тәрбие жөнінде, экологиялық бағытында түрлі тақырыпта шаралар ұйымдастырып отырды.


1971 жылдан бастап комсомолдық жолдамамен **Черниязова Салима** өз еңбек жолын «Қызыл отау» кітапханасында 15 жылдан астам уақыт кітапханашылық қызмет атқарған. Ең алғаш кітапхана 800-дей кітап қорымен 100-110 дай оқырмандарымен жұмыс істеген. Кітапханашы алыс нүктелердегі шопандарға, егіншілерге, мал азығын даярлау шаруашылықтарына барып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырды.

1986 жылдардан бастап «Қызыл отау» кітапханасының аты «Жаманқұдық ауылдық кітапханасы» болып өзгертілді.

1992жылдан бері Жаманқұдық ауылдық кітапханасында **Меңдібаева Үміт Құрымбайқызы** кітапханашылық қызметін атқарып келеді. Кітапханада салауатты өмір салтын насихаттау бағытында Үміт, «Нашақорлық қауіпті дерт» атты кітап көрмесін ұйымдастырып «Қанат жайған қасірет» атты ауыл фельдшерімен жасөспірім арасында сұхбат кешін өткізді. Оқырмандарды имандылыққа тәрбиелеу бағытында «Имандылық инабаттылық», «Ораза тұта білесізбе» атты кітап көрмелеріне шолу өткізді. Кітапхананы жарнамалау, кітап насихаттау бағытында жас оқырмандар арасында «Кітапхана қасиетті шаңырақ» және «Жақсы кітап жан серігің» атты кітапханалық саяхат, кітап көрмелер әр дайым өткізіп отырды. Анықтамалық- ақпарат жұмысын жүргізуде өлкетану «Өз өлкеңді тани біл», тақырыптық «Қазақстан менің елім», «Ана тілім ардағым» атты картатекаларын жасақтап отырады. Сонымен қатар ауыл мамандарына газет-журнал бетіндегі түрлі тақырыптағы мақалалармен ақпараттық күндерін ұйымдастыруда. Бүгінгі таңда Жаманқұдық кітапханасында 220 оқырманға қызмет көрсетіліп, кітап қоры 3700-ге дейін өсті.



1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері



Базаршолан ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімдік басылым көрсеткіштері.